

Торайғыров университеті
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университет

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QZDY9490>**А. Е. Ниязова, Ә. Е. Қуандық**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Операциялық жаттығулар ағылшын тіліндегі 4 дағдыны, яғни сөйлеу, жазу, тыңдап түсіну және фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сияқты 3 шеберлікті қамти отырып, шет тілін оқытуда оқушылар мен студенттер тарапынан сұранысқа ие. Бұл жаттығулар жүйесі дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, оқушылар мен студенттердің білімін арттыратын таптырмас құрал болып табылады. Сатылап жүзеге асырылатын операциялық жаттығулар жүйесі білім алушыға шет тілін оқу барысында кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектеседі және дағдыларды дамытуға бағыт-бағдар береді. Зерттеудің мақсаты ағылшын сабағында операциялық жаттығудың тиімділігін көрсету және жаттығулар жүйесін тереңірек зерттей отырып, ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Зерттеу методологиясы ағылшын тілін оқытуда қолданылатын эмперикалық әдіске негізделеді. Операциялық жаттығулар мұғалімдер, студенттер мен оқушылар арасында қолданылатын болады. Шет тілін үйретуде қолданылатын жаттығулар жүйесі ағылшын тілін оқытуда сөйлеу қызметінің қолданылу ерекшеліктеріне және дағдылардың маңыздылығына орай құрастырылған. Операциялық жаттығулар жүйесі шет тілін оқыту процессінде методикалық құрал ретінде ғана емес, сонымен бірге педагогикалық әдіс есебінде қолданылатын болады.

Кілтті сөздер: операциялық жаттығулар, рецептивті, репродуктивті, жаттығулар жүйесі, жаттығулар классификациясы трансформация, имитациялық, сөйлеу қызметі.

Кіріспе

Қазіргі заманның методикасында шет тілін оқыту жүйесі тапсырмаларды орындаудың сапасына қатысты болып келеді, себебі жаттығулар жүйесі шет тілінің сөйлеу қызметінің сәтті болуына тікелей әсер етеді.

Жаттығулар жүйесі шет тілін оқытудағы күрделі мәселелердің бірі болып саналады. Операциялық жаттығулар сөйлеу алдын орындалатын тапсырмалар деп те аталады. Мұндай типті жаттығулардың ағылшын тілін оқыту методикасына қажеттілігі сөйлеу қызметінің шет тілі сабақтарында қолданылуына туындаған. Операцияның көптеген бөлігі сатылап жүзеге асады, себебі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдап түсіну сияқты 4 қабілет пен фонетикалық, лексикалық, грамматикалық секілді 3 шеберлік оқушылар тарапынан біршама табандылықты талап етеді.

Жаттығулар тілді меңгерудің құралы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу қызметінің көптеген түрлерін меңгерудегі ресурс болып табылады [1, 49].

И. Л. Бимнің айтуы бойынша жаттығу белгілі бір құрылымға сәйкестендірілген оқу материалымен байланыстырылған оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың бір формасы [2, 30–37].

Зертеудің нысаны: жаттығулардың қолданылу жүйесі

Зерттеудің пәні: ағылшын тілінде қолданылатын операциялық жаттығулар

Мақсаты: Білімдегі табысқа жетудің жолы тек қана операциялық жаттығулар сияқты рационалды тапсырмалар жүйесін қолданған жағдайда жүзеге асырылады және осы жаттығулар жүйесіне білім беру саласында көңіл бөлінуі тиіс.

Міндеттері:

- Жаттығулар жүйесіне талдау жасау;
- Операциялық жаттығудың маңыздылығын көрсету;
- Шет тілі дағдыларына анықтама беру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Операциялық жаттығулар теориялық білімді тәжірибеде қолдануға пайдасы зор болып келеді. Әсіресе аударма процесінде жоғары біліктілік талап етілетіндіктен студенттер мен оқушылар бұл типті жаттығуларды орындау арқылы аударма жұмыстарын еш қиындықсыз жасай алатын болады. Операциялық жаттығулар сатылап жүзеге асатындықтан нәтижеге жетуде тиімді тапсырмалардың бірі болып саналады.

1991 ж. В. А. Бухбиндер дағды мен шеберлікті қалыптастыруға негізделген жаттығулардың классификациясын ұсынды және оларды 3 түрге бөлді: ақпараттық, операциялық және мотивациялық. Бухбиндердің пікірінше бірінші этапта жаттығулар оқу материалын түсіну мен меңгеруге

бағытталады. Екінші этапта материалмен бірге жаттығуды операциялық түрде орындау жүзеге асырылады. Сөйлеу қабілетін жетілдіру ең соңғы этапта орындалады [3, 92–99].

С. Ф. Шатиловтың айтуына сәйкес оқу мазмұнының негізгі компоненті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық секілді 3 шеберлікті қамтитын лингвистикалық материал болып табылады. Оқудың екінші компоненті лингвистикалық материалмен бірге операциялық ережелерді жетік білу және мұнда шет тілінің дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайтын лингвистикалық жаттығулар болып табылады [4, 51–52].

Л. В. Шербаның пікірінше тіл дегеніміз жаңа сөздердің жасалуы, тілдің белгілі бір бөлімінің құрайтын ереже мен жоспар [5, 9].

Л. В. Шербаның пікірі бойынша адамдардың сөйлей алу құрылымы мен лингвистикалық тәжірибесінің болуынан кез-келген шет тілінде сөйлеу мүмкін болып табылады. Шет тілінде сөйлей білу тек қана оқу материалы тілге айналған жағдайда және оқушы грамматикалық пен лексикалық қағидаларды түсіне бастағанда орын алады [6, 78].

К. Д. Ушинский жаттығулар жүйесін табысқа жетудің бірден-бір өрі ең негізгі жолы екендігін және осы жүйенің жетік болмауы нәліктен көптеген өрі ұзақ уақыт орындалған тапсырмалардың төмен нәтижелерді беретіндігін көрсеткен [7, 120].

Бұл жағдайда барлық жаттығулар ең алдымен екі үлкен топқа бөлінуі керек: шеберліктерді қалыптастыруға арналған жаттығулар және сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар. Мұндай жаттығулар шартты түрде сөйлеу және сөйлеу дағдысына бағытталған болып келеді. Олар тип дәрежесіне жіктеледі. Жаттығудың әрбір түрі қызмет ететін мақсатқа сәйкес болуы керек. Бұл әр санаттағы жаттығулардың сапалары қойылған мақсаттың мазмұнымен байланыстырылуы керек дегенді білдіреді [8, 25].

Шет тілін оқытуда жаттығулар жүйесін құрастыру ең актуалды және күрделі мәселелердің бірі болып келеді.

Операциялық жаттығулардың негізгі ерекшеліктері:

1) Шет тіліндегі барлық дағдылар осы жаттығуларды қолдану арқылы меңгеріледі.

2) Бұл типті жаттығулар грамматикалық дағдыларды сатылап және құрылымға сәйкес сөйлеу қызметін қатар дамытумен қамтамасыз етеді.

3) Әр жаттығуда автоматты құрылымға сай келетін жеке материал бар.

Операциялық жаттығудың 2 түрі бар: рецептивті және репродуктивті. Рецептивтіге мына тапсырмалар жатады:

Алдын ала болжау – сөздің құрылымы мен графикалық ерекшелігін болжам арқылы тауып көру.

Тұжырымдау – сөздің мағынасын ана тілмен салыстыру арқылы табу және сөз тіркестері мен мәтін мазмұнына сай қорытындыға келу.

Қабылдау (визуалды және тыңдау арқылы) – оқушылардың көру немесе тыңдау арқылы сөзді түсіну жаттығуы.

Салыстыру – жаңа сөздерді үйренуде салыстыра жаттау жаттығулары көмектеседі.

Ұғыну – бұл жаттығу түрі де жаңа сөздерді үйреткенде қолданылады. Репродуктивті мына тапсырмаларды қамтиды:

1) Имитациялық жаттығулар фонетикалық шеберлікті қалыптастыруға көмектеседі. Бұған грамматикалық үлгіге сай қайталанып отыратын тыңдалым, сұраққа жауап және келісу тапсырмалары.

2) Орын алмастыратын жаттығулар есте сақтауға көмектесетін лексикалық мазмұнға сай және грамматикалық құрылымды ұсынады.

3) Трансформация жаттығулар оқушылардан есте сақтауды талап етеді.

4) Репродуктивті жаттығулар сұрақ-жауап түрінде қай лексикалық құрылым қолдануға болатындығына мүмкіндік береді [9].

Операциялық жаттығулар оқытушылар, оқушылар және студенттер үшін пайдалы. Оның маңыздылығы оқушылар біршама қателіктер жасағанда және шет тілінде сөйлей алмай жатқанда білінеді.

Операциялық жатығулар вербалды, схематикалық, вербалды-жоспарланған және иллюстративті сияқты визуалды құралдарды қамтиды.

– Вербалды сөйлеу үлгілерін, лексикалық кестелер, мәтіндер, афоризм немесе қанатты сөздерді құрайды.

– Схематикалық және вербалды- жоспарланған құралдар жаттығулар құрылымын қамтиды

– Иллюстративті материалдарға фильмдер, фотосуреттер, суреттер, сан, күн, символ және постерлер. Бұл құралдар оқушылар мен студенттерді сөйлесуге қатысуға тарту керек және сонымен бірге үйренушілердің жасы мен қызығушылығына сәйкес болуы керек [10, 22–23].

Сонымен бірге операциялық жаттығу турлерін жіктеген ғалымдардың бірі Б. А. Лapidус жаттығулар жүйесін 2 түрге бөліп көрсетеді:

1 – типті жаттығулар – тілдік материалды мақсатты түрде жетілдіруге бағытталған тапсырмалар. Бұл жаттығулар өз ішінен 3 топқа бөлінеді: тек қана дайындық жаттығулары, қарапайым құрама жаттығулары (тапсырмаларға сәйкес мәлімдеме жасай білу) және аралас жаттығулар (берілген оқу материалына сәйкес сөйлеу дағдысымен орындау).

2 – типті жаттығулар – сөйлеу тәжірибесі жағдайында тілдік материалды басқа бағытта іске қосуға арналған жаттығулар, яғни күрделі ойлауды талап

ететін тапсырмаларды шешкен жағдайда (пікірталас) және шығармашылық ойлауға үлкен күш түскенде орындалады.

Бұл жаттығулар сөйлеу дағдысының тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Дамыған жаттығу жүйесінің маңыздылығын В. А. Лапидус сонымен қатар студенттердің ойлау қабілетін жандандырды қамтамасыз ететіндігін айтып көрсеткен. Бұл жүйе тілдік материалды мақсатты түрде іске асырады және сөйлеу практикасын үйлестіруді қамтамасыз етеді, осы жаттығуларды орындайтын студенттердің сөйлеу қабілеті қалыптасады және сөйлеуге бағытталған материалды белсенді меңгеруі үшін операциялық жаттығулар ұсынылған [11, 25–26].

Бұл тұрғыда операциялық жаттығулар 4 түрге бөлінеді:

Жаттығулардың бірінші тобы аударма жұмысында қолданылатын әдісті немесе техниканы анықтауға бағытталады. Бұл тапсырмаларда оқушылар мен студенттерге аудармалардың мысалдарын көрсету арқылы операциялық түрде сатыға бөлініп орындалады.

Екінші топ жаттығуларын орындау кезінде студенттер қолданылатын техниканы анықтап қана қоймайды, сонымен қатар ол әдістің орындылығын тексереді. Тапсырманы орындау барысында бағалау студенттер тарапынан сұралатын болады.

Үшінші топ жаттығулары шет тілін үйренушілерге белгілі бір әдісті аударма жұмысында қолдануды талап етеді.

Ең соңғы, операциялық жаттығулардың төртінші тобы белгілі бір материалды аударуға ең қолайлы техниканы таңдауға және шет тілінде оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жаттығуды орындай отырып, оқушылар мен студенттер аударма мәтінінде қандай әдіс қолданылатындығын және оны қалай жүзеге асыруға болатындығын анықтайтын болады [12, 71].

Сонымен бірге, шет тілінің дағдыларын қалыптастыру дегеніміз – әрекеттерді автоматты түрде орындау немесе операцияларды орындау қабілеттерін қалыптастыру. Операциялық жаттығуларды оқу процесінде күнделікті қолданудың арқасында автоматтандырылған әрекеттерді меңгеру оқушылар мен студенттер үшін оңайырақ болады және олардың санасында бұл типті жаттығудың моделі әрдайым пайда болады. Екінші жағынан операциялық жаттығулар түпкілікті нәтижеге қол жеткізу мақсатын жүзеге асыратын бірден бір тапсырма түрі болып саналады. Дағды мен шеберліктерді қалыптастыруда оқушыларға қарапайым операциядан бастап, қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, күрделі операциялық жаттығуларды орындауға дағдыландыруымыз қажет. Осылайша дағды мен шеберліктерді қалыптастыру мына сатыларға жіктеледі: таныстыру, жаттығу және тәжірибе [13, 4].

Қорытынды

Студенттер көбінесе грамматикалық шеберлік пен сөйлеу дағдысын қиын деп санайды. Студенттердің оқу материалын операциялық жаттығулар арқылы игеруі біз үшін маңызды болып табылады.

Орта мектепте шектеулі, бірақ коммуникативті деңгейде болатындықтан, сөйлеу дағдылары бірдей дәрежеде қалыптасуы мүмкін, ол қарым-қатынасқа кедергі келтірмейтін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қателер болып табылады.

Қорытындылай келе, мұғалімдерге, оқушыларға және студенттерге шет тілін оқытуда операциялық жаттығулар қажет. Бұл жаттығулар кешені шет тілінің барлық дағдыларын жетілдіруге әкеледі. Шет тілінің дағдылары мен шеберліктерін дамытуда нәтижеге қол жеткізу үшін операциялық жаттығуларды қолдана отырып үйрету керек. Көптеген студенттер арасында кездесетін барлық қиындықтар операциялық тапсырмалардың көмегімен шешілетін болады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Бредихина, И. А.** Методика преподавания иностранных языков. – Екатеринбург : Изд-во Уральского университета. – 2018. – С. 49.

2 **Бим, И. Л.** Подход к проблеме упражнений с позиции иерархии целей и задач. – М. : Русский язык. – 1985. – С. 30–37.

3 **Бухбиндер, Б. А.** О системе упражнений // Общая методика обучения иностранным языкам. М., 1991. – С. 92–99.

4 **Шатилов, С. Ф.** Методика обучение немецкому языку в средней школе. – М. : Просвещение, 1986. – С. 50–51.

5 **Шерба, Л. В.** Очередные проблемы языковедения. – М. : Советская энциклопедия, 1958. – С. 9.

6 **Шерба, Л. В.** О тройном аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании. – Л., 1974. – С. 78.

7 **Ушинский, К. Д.** Собрание сочинений. Т. 5. – М. : издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1949. – С. 120.

8 **Пассов, Е. И., Кузнецова, Е. С.** Обучение письму Учебное пособие. – Воронеж : Интерлингва. Методика обучения иностранным языкам, 2002. – № 14. – С. 22–23.

9 <https://www.bogschool-1.ru> [Электронды ресурс].

10 **Приходко, А. А.** Типы и виды упражнений по английскому языку. – Керчь, 2010. – С. 22–23.

11 **Лapidус, Б. А.** Проблемы содержания обучения языку в языковом вузе. – М. : Высшая школа, 1986. – С. 25–26.

12 **Маркелова, Д. М.** A method of forming skills at training English language // Молодой ученый. – 2016. – № 9. – С. 4–5.

13 **Кондрашина, Т. В., Серова, Т. С.** Комплекс упражнений по формированию у студентов технического ВУЗа речевых навыков и умений образного монологического высказывания. Вестник ПНИПУ. – 2017. – № 4. – С. 4.

References

1 **Bredihina, I. A.** Metodika prepodavaniya inostrannyh yazykov. [Methods of teaching foreign languages]. – Yekaterinburg : Publishing house of the Ural University. – 2018. – P. 49.

2 **Beam, I. L.** Podhod k probleme uprazhnenij s pozicii ierarhii celej i zadach. [An approach to the exercise problem from the perspective of a hierarchy of goals and objectives]. – Moscow : Russian language, 1985. – P. 30–37.

3 **Buchbinder, B. A.** O sisteme uprazhnenij. [On the system of exercises]. // General methods of teaching foreign languages. M., 1991. – P. 92–99.

4 **Shatilov, S. F.** Metodika obuchenie nemeckomu yazyku v srednej shkole. [Shatilov, S.F. Methodology for teaching German in secondary school]. – Moscow : Education, 1986. – P. 50–51.

5 **Sherba, L. V.** Ocherednye problemy yazykovedeniya. [The next problems of linguistics]. – Moscow : Soviet encyclopedia, 1958. – P. 9.

6 **Sherba, L. V.** O troyakom aspekte yazykovykh yavlenij i ob eksperimente v yazykoznanii. [On the threefold aspect of linguistic phenomena and an experiment in linguistics]. – L., 1974. – P. 78.

7 **Ushinskij, K. D.** Sobranie sochinenij. [Collected works]. – vol. 5. – Moscow : Publishing House of the Academy of Pedagogical Sciences of the RSFSR. – 1949. – P. 120.

8 **Passov, E. I., Kuznecova, E. S.** Obuchenie pis'mu. [Learning to write Study guide]. – Voronezh : Interlingua. Methodology for teaching foreign languages, 2002. – No. 14. – P. 22–23.

9 <https://www.bogschool-1.ru> [Electronic resource].

10 **Prihodko, A. A.** Tipy i vidy uprazhnenij po anglijskomu yazyku [Types and types of exercises in English]. [Electronic resource]. Kerch. – 2010. – P. 22–23.

11 **Lapidus, B. A.** Problemy soderzhaniya obucheniya yazyku v yazykovom vuze. [Problems of the content of language teaching in a language university]. – Moscow : Higher school, 1986. – P. 25–26.

12 **Markelova, D. M.** A method of forming skills at training English language. In Young scientist. – 2016. – No. 9. – P. 4–5.

13 **Kondrashina, T. V., Serova, T. S.** Kompleks uprazhnenij po formirovaniyu u studentov tekhnicheskogo VUZa rechevyh navykovi umenij obraznogo monologicheskogo vyskazyvaniya. [A set of exercises for the formation of speech skills and the skills of a figurative monologue statement among students of a technical university]. PNRPU Bulletin. – 2017. – № 4. – P. 4.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

A. E. Ниязова, А. Е. Куандык

Важность операционных упражнений в обучении иностранному языку

Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г.Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

A. E. Niyazova, A. E. Kuandyk

The significance of operational exercises in foreign language teaching

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 30.09.20.

Операционные упражнения, которые включают 4 навыков, как разговорный, письменный, чтение и аудирование, а также 3 умения, как фонетический, лексический, грамматический на английском языке ведут к развитию иностранного языка, востребован учениками и студентами. Эта система упражнений не только развивает навыки, но и является незаменимым инструментом, который помогает повысить знания школьников и студентов. Пошаговая система операционных упражнений помогает студенту преодолеть трудности возникающие при изучении иностранного языка, и направляет развитие навыков. Цель исследования – показать значимость использования операционных упражнений на уроках английского языка и выявить особенности, более подробно изучив систему упражнений. Методология исследования основана на эмпирическом методе, которая будет использована в обучении иностранного языка. Операционные упражнения будут использованы среди учителей, студентов и учеников. Система упражнений, используемых при обучении иностранному языку, основана на специфике использования речи при обучении английскому языку

и важности навыков. Система операционных упражнений будет использоваться не только как методический инструмент в процессе обучения иностранному языку, но и как педагогический метод.

Ключевые слова: операционные упражнения, рецептивный, репродуктивный, система упражнений, классификация упражнений трансформация, имитирующий, разговорная деятельность.

Operational exercises which include 4 skills such as speaking, writing, reading, listening and 3 habits like phonetic, lexical, grammatical in English will lead to develop foreign language are required by pupils and students. This system of exercises not only develops skills, but it is also an indispensable tool that helps to increase the knowledge of pupils and students. A step-by-step system of operational exercises helps the students to overcome the difficulties arising in the study of a foreign language, and guides to the development of skills

The aim of this study is to illustrate the importance of using operational exercises at English lessons and identify the features by studying the exercise system in more detail. Methodology of the research is based on empirical method which will be applied in teaching a foreign language. Operational exercises will be used among teachers, students and pupils. The system of exercises used in teaching a foreign language is based on the specifics of using speech in teaching English and the importance of skills. The system of operational exercises will be used not only as a methodological tool in the process of teaching a foreign language, but also as a pedagogical method.

Keywords: operational exercises, receptive, reproductive, system of exercises, classification of exercises, transformation, imitative, speech activity.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz